

## **Меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдардан қолда бар ақшаның банк мекемелерінің кассаларына түсуін бақылауды күшейту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 8 маусым N 483. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.01.15. N 67 қаулысымен.

Ақша-несие саясаты саласында дағдарысқа қарсы кезек күттірмес шараларды орындау, республикада төлем және несие тәртібін нығайту, қолда бар ақшаның банк кассаларына барынша түсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ қолда бар-ақша эмиссиясын қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Меншіктің барлық түрлеріндегі кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар коммерциялық және комиссиялық дүкендерді оның ішінде жеке адамдарға тиесілі, стационарлық сауда орны жоқ жеке адамдардан басқа қоса алғанда үстіміздегі жылдың 1 тамызынан бастап сатылған тауарлар мен көрсетілген қызмет үшін халықтан ақшаны бақылау-кассалық аппараттар арқылы қабылдап алуға көшетін болсын. <\*>

Сатып алынған тауарды тіркеу үшін және сапасыз тауарлар қайтарыла қалғандай болса сатып алушының қолына міндетті түрде чек берілсін.

Ескерту. 1-тармаққа толықтырулар енгізілді - ҚРМК-нің 1995.04.13.

N 463 қаулысымен.

2. Жергілікті әкімдер, бөлшек сауда желісі бар министрліктер мен ведомстволар республика банкілерімен бірлесіп халықпен бақылау-кассалық аппараттар арқылы есеп айырысуға бақылау орнататын болсын.

3. Қазақстан Республикасының қаржы министрлігіне Ұлттық банкпен бірлесіп және олардың жергілікті жерлердегі органдарына халықпен тауар сататын және қызмет көрсететін орындарда бақылау-кассалық аппараттар арқылы есеп айырысқан кезде қолда бар-ақша қаржысы есебінің толық болуына бақылау жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Ұлттық банкімен бірлесіп бір айлық мерзімде:

өз қызметінің ерекшелігіне қарай халықпен есеп айырысқанда бақылау-кассалық аппараттарды қолдана алмайтын кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жекелеген санаттарының тізімін;

халықпен есеп айырысқан кезде қолда бар ақша қаржысын есептеу үшін

бақылау-кассалық аппараттарды қолданудың республиканың барлық шаруашылық жүргізуші субъектілері орындауға міндетті тәртібі туралы ережені әзірлеп, бекіту жүктелсін.

5. "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясы, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі екі апта мерзімде кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдарды бақылау-кассалық аппараттармен қамтамасыз етуге жәрдемдесетін шаралар әзірлеп, осы кезеңде бақылау-кассалық аппараттарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелетін заңды ұйымдар мен жеке адамдарды кедендік баж салығын төлеуден босатуды көздейтін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті меншіктің барлық түрлеріндегі сауда ұйымдарынан кассалардың тауар сатудан алынған түсімді пайдаланатын арналарын бейнелейтін айналымы туралы есебін тоқсан сайын алып тұруды ұйымдастырсын.

7. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері банкілермен, қаржылық бақылау органдарымен, Ішкі істер министрлігімен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп меншіктің барлық түрлеріндегі кәсіпорындар тауарлар мен көрсетілген қызмет үшін есеп айырысудың белгіленген тәртібін бұзды деп тауып, айып санкцияларын қолдануға бақылауды күшейтсін. <\*>

Ескерту. 7-тармақтан сөздер алынып тасталған - ҚРМҚ-нің 1996.02.22. N 229 қаулысымен.

8. "Қазавтокөлік" Қазақ мемлекеттік автокөлік концерні мен оның ведомствоға бағынысты ұйымдары екі апта мерзімде халықты тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметті көбейту мүмкіндігін қарайтын болсын. Жолаушылардың билетсіз жүруіне мүмкіндік бермейтін көлік қызметіне ақы төлеудің тиісті тәртібі жолға қойылсын.

9 <\*> .

10. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері рұқсат беру және халықтың жайма базарға ақы төлеп кіру жүйесін ретке келтірсін. 1993 жылдың 20 шілдесіне дейін кіру билеттері бағасының нарқын әзірлеп, бекітетін болсын. Банктерге найма базарлар қызметінен түсетін пайданың толық алынуына тиісті бақылау орнату ұсынылсын.

11. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне, оның облыстық басқармалары:

орталықтанған кредит ресурстарын бөлшек сауда желісінің сауда ұйымдарына халық тұтынатын тауарларды қосымша сатып алуға тауарларды сатудан түскен қолма-қол ақша қаржысы есебінен несиені өтейтіндей етіп бөлу мүмкіндігін қарастырсын;

<\*>

банктердің кассаларына инкассация қызметі арқылы ақшалай түсімді күн сайын барынша жинап отыруды қамтамасыз етсін. Қолма-қол ақшаны инкассациялаудың шарттары мен тәртібін жасап, қолданатын болсын. Түсімнің банктердің кассаларына уақтылы және толық түсуіне тиісті бақылау орнатсын.

Ескерту. 11-тармақтан 3-ші абзацы алынып тасталған - ҚРМК-нің 1996.02.22. N 229 қаулысымен.

12. Республиканың коммерциялық, кооперативтік және жеке банкілері:

<\*>

өздері қызмет көрсететін кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан банктердің кассаларына түсімнің уақтылы және толық түсуіне тиісті бақылау орнатсын;

шаруашылық жүргізуші субъектілердің аталған Уақытша ережеге сәйкес кассалардың қалдығын өздері белгілеген лимиттен асырып жіберу фактілері байқалған кезде оларға айып алу арқылы экономикалық санкциялар қолдансын. Алынған айып сомасы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген тәртіппен бюджет табысына жіберілсін;

<\*>

қолданылып жүрген заңда көзделген жағдайдан басқа кезде қолма-қол ақшамен несие берілмейтін болсын;

<\*>

Ескерту. 12-тармаққа өзгерістер енгізілген - ҚРМК-нің 1996.02.22. N 229 қаулысымен.

13. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ішкі істер министрлігі Президенттің "Ұйымдасқан нысандағы қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы" 1992 жылғы 17 наурыздағы Жарлығына сәйкес меншіктің барлық түрлеріндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қолма-қол ақшаны заңсыз пайдалануына жол бермеуіне күш-жігерді шоғырландырсын.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы халықпен есеп айырысу кезінде қолдағы ақша қаражатын есептеуге арналған бақылау-касса аппараттарын қолдану тәртібі туралы Ереженің талаптарын бұзғаны үшін мынадай айыппұл санкцияларын қолдансын:

ақшалай есеп айырысуды бақылау-касса аппараттарын қолданбай жүргізетін кәсіпорынға заңмен белгіленген ең төменгі еңбекақының 350 есе мөлшерінде айыппұл салынады;

ақаулы бақылау-касса аппаратын пайдаланған кәсіпорынға заңмен белгіленген ең төменгі еңбекақының 200 есе мөлшерінде айыппұл салынады;

сатып алушыға (клиентке) чек берілмеген немесе тауарлар (қызметтер) үшін төленгенінен кем сомаға чек берілген жағдайда айыппұл ең төменгі еңбекақының

10 есе мөлшерінде өндіріп алынады, алайда ол ақысы төленген тауарлар ( қызметтер) құнының 20 процентінен кем болмауға тиіс.

өндіріп алынған айыппұлдардың жалпы сомасының 20 проценті республикалық бюджетке, 80 проценті жергілікті бюджетке есептеледі. <\*>

Ескерту. 13-тармақ келесі абзацтармен толықтырылды - ҚРМК-нің 6.01.1994 ж. N 35 қаулысына сәйкес.

14. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден бас басқармасы Қазақстан Республикасына әкелінетін және Қазақстан Республикасынан әкетілетін қолма-қол ақшаға шектеу белгілесін.

Сомдық аймақтағы мемлекеттерге келгенде немесе осы мемлекеттерден кеткенде бір адамның Қазақстан шекарасы арқылы 500 мың сомға дейін алып өтуіне рұқсат етілсін.

Сом айналысы аймағынан шыққан мемлекеттерге (Литва, Латвия, Эстония, Әзербайжан, Грузия, Қырғызстан және Украина) келгенде немесе олардан кеткенде, сондай-ақ алыс шетелдерге барғанда қолма-қол ақша әкелу мен әкету 100 мың соммен шектелсін. Сонымен бірге оларды кемінде 1000 сомдықтармен алып жүретін болсын.

15. Республиканың Ұлттық банкіне осы қаулыны ескере отырып бір айлық мерзімде республиканың халық шаруашылығында 1993 жылы кассалық операциялар жүргізудің Уақытша ережесін шығару ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі